

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Акционерлік қоғамның атауы:

Толық атауы: «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
Қысқартылған атауы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектісінде жазылған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдіреді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды».

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы:

	Акционерлік қоғамның толық атауы:	Акционерлік қоғамның қысқартылған атауы:
Мемлекеттік тілде:	«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»	АО «Тау-Кен Самрук»
Ағылшын тілінде:	Joint-stock company «Tau – Ken Samruk» National Mining Company»	JSC «Tau – Ken Samruk»

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет:

Акционерлік қоғамның мемлекеттік қайта тіркеу куәлігінің нөмірі және күні	№ 32952-1901-АҚ, 2009 жыл ақпанның 02–сі
Акционерлік қоғамның тіркеуін жүзеге асырған органның атауы	Әділет Министрлігінің Астана қаласы бойынша Әділет Департаменті.

3-1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі:

СТН 620 300 315 767

4. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефоны мен факстің нөмірі, электронды почтаның мекен-жайы туралы ақпарат:

заңды мекен жайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі , 12/1 үй.
мекен жайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі , 12/1 үй.
Байланыс телефон, факстің номерлері	тел.: + 7 (7172) 500 - 614 ұялы телефон: +7 707 999 7001
электрондық почтаның мекен жайы	info@tks.kz

5. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері:

«Қазақстанның Халық Жинақ Банкі» АҚ Астана (119900) аймақтық бөлімшесінде ұлттық валютасындағы ағынды жинақ есепшоты: 045467513 KZT Кбе 17 СТНН 031400075489 БИК 195301603
--

6. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:

Жарғының 15-тармағына сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметінің негізгі түрлері:

- 1) қатты пайдалы қазбаларды іздестіру, барлау, өңдеу, өндіру, қайта өңдеу және өткізу, оның ішінде:
 - радиоактивтік металдарды қоспағанда, металдық;
 - құрылысқа, құрылыс материалдарын өндіруге және химия өнеркәсібіне арналған материалдарды қоспағанда, металл емес;
 - көмір және лигнит;
- 2) минералды шикізат пен техногендік минералдық түзілімдерді табу және өңдеу;
- 3) шойын, болат, феррокорытпалар және олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;
- 4) түсті, сирек кездесетін, жерде аз кездесетін және асыл металдарды және олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;
- 5) минералдық шикізатты кешенді өңдеу кезінде кенсіз, тау-химиялық, құрылыс материалдарын шығару;
- 6) кен өндіру өнеркәсібін техникалық қолдау және қызмет көрсету;
- 7) бұрғылау-жару жұмыстарын атқару;
- 8) тау-металлургия өнеркәсібінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инжинирингтік жұмыстарды орындау;
- 9) инвестициялық қызмет;
- 10) инновациялық қызмет;
- 11) сыртқы экономикалық қызмет.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе өзге рұқсат түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

7. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

Қаржы агенті мәртебесін иеленгені жөнінде мәлімет: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

8. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайлары: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, филиалдар мен өкілдіктер тіркелмеген.

9. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылдың қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың, олардың тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, толық ресми атауын көрсету (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты):

Қазақстанның аудиторлар палатасының мүшесі болып табылатын «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) қаржылық есептілік аудиті қызметін сатып алу туралы 2009 жылғы 10 қарашадағы № 62 шартқа сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2009 жыл үшін қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырды;

2) қаржылық есептілік аудиті қызметін сатып алу туралы 2010 жылғы 03 шілдедегі № 33 шартқа сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2010 жыл үшін қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырды.

Тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы:

Herbert Smith Limited Liability Partnership және «Linkage & Mind» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамынан тұратын консорциум 2011 жылғы 19 сәуірде жасалған шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының бей резиденттерімен келісімдердің/шарттардың талаптарын құқықтық сүйемелдеуді және бағалауды жүзеге асырады.

«Linkage & Mind» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мына ұйымдарға мүше болып табылады:

1. Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы;
2. Eurobak - European Business Association of Kazakhstan – Қазақстанның еуропалық бизнес қауымдастығы;
3. Amcham – American Chamber of Commerce – Американдық сауда палатасы;
4. Kazcham – Kazakhstan Chamber of Commerce in the USA – Америка Құрама Штаттарындағы Қазақстан сауда палатасы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттардың бұзылуы орын алған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашы болғаны жөніндегі ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себептері туралы ақпаратты ұсыну қажет: жоғарыда көрсетілген тұлғалармен шарттар бұзылған жоқ.

10. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні:

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық - Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының 2009 жылғы 09 қыркүйектегі № 53-п бұйрығымен бекітілді..

10-1. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтайшылар жиналысы бекіткен қоғаммен акцияларды сатып алған кездегі құнын белгілеу әдістемесіні қабылдау күні:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ акцияларды сатып алған кездегі құнын белгілеу әдістемесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 46 бұйрығымен бекітілді.

2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

11. Акционерлік қоғамының директорлар кеңесі:

Абулгазин Рустэмвич	Данияр	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
		1) туған жылы: 13 қазан 1969ж.
		2) лауазымға кіріскен күні: 07 маусым 2011ж.
		3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет:
		(13.08.2010ж. - қазіргі уақытта) «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
		(13.08.2010ж. - қазіргі уақытта) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
		(13.08.2010ж. - қазіргі уақытта) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

	<p>(17.06. 2010 ж. - қазіргі уақытта) «Самұрық – Қазына» АҚ Басқарушы директоры</p> <p>(17.2008 ж. – 06.2010 ж.) «Самұрық – Қазына» АҚ Басқармасының төрағасының кеңесшісі</p> <p>(10.2007ж. – 02.2008ж.) «Каспий Өнеркәсіптік – Қаржы тобы» ЖШС бас директоры</p> <p>4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Абулгазин Д.Р. мырзаның меншігінде жоқ.</p> <p>5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары Абулгазин Д.Р. мырзаның меншігінде жоқ.</p>
<p>Аргингазин Ануарбекович</p> <p>Арман</p>	<p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.</p> <p>1) туған жылы: 01 желтоқсан 1978ж.</p> <p>2) лауазымға кіріскен күні: 18 сәуір 2011ж.</p> <p>3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет:</p> <p>(2003ж. - қазіргі уақыт.) Басқарма төрағасының орынбасары, Корпоративтік банкинг басшысы, BANK KAZAKHSTAN RBS Энергетика және ресурстар бөлімшесінің басшысы</p> <p>4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Аргингазин А.А. мырзаның меншігінде жоқ.</p> <p>5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы</p>

		<p>үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары Аргингазин А.А. мырзаның меншігінде жоқ.</p>
Толымбеков Жаксыбергенов	Манат	<p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.</p> <p>1) туған жылы: 1957ж.</p> <p>2) лауазымға кіріскен күні: 24 қараша 2009ж.</p> <p>3)соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет:</p> <p>(2001ж. – 2009ж. - қазіргі уақытта) Химия-металлургиялық институтының директоры</p> <p>4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Толымбеков М.Ж. мырзаның меншігінде жоқ.</p> <p>5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары Толымбеков М.Ж. мырзаның меншігінде жоқ.</p>
Абишев Жантөревич	Жандос	<p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>1) туған жылы: 19 тамыз 1964ж.</p> <p>2) лауазымға кіріскен күні: 24 ақпан 2010ж.</p> <p>3)соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет:</p> <p>(06. 2009ж. - қазіргі уақытта) «Самұрық-Қазына» АҚ Тау-кен өнеркәсіп активтерін басқару директоры</p> <p>(07.2007ж. – 06.2009ж.) «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі Корпоративтік дамыту және активтерді басқару департаментінің директоры</p>

	<p>4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Абишев Ж.Ж. мырзаның меншігінде жоқ.</p> <p>5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары Абишев Ж.Ж. мырзаның меншігінде жоқ.</p>
<p>Святов Болат Аманжолович</p>	<p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы.</p> <p>1) туған жылы: 21шілде 1958 ж.</p> <p>2) лауазымға кіріскен күні: 24 қараша 2009ж.</p> <p>3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет:</p> <p>(11.12.2009ж. - қазіргі уақытта) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы</p> <p>(2009ж.) «Орта-азиялық инвестициялық консалтингтік компаниясы» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары</p> <p>(2006ж.- по 2009ж.) Тараз металлургиялық зауытының бас директоры</p> <p>4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Святов Б.А. мырзаның меншігінде жоқ.</p> <p>5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары Святов Б.А. мырзаның меншігінде жоқ.</p>

б) Соңғы екі жыл ішіндегі директорлар кеңесі құрамының өзгеруі және көрсетілген өзгерістердің себептері.

2009 жылғы 13 сәуірдегі «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама №30/09) «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің құрамына келесілер сайланды:

- Малай Мукхерджи - тәуелсіз директор;
- Ужкенов Булат Султанович - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрілігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің Төрағасы.
- Байжанов Улан сапарович - «Самұрық – Қазына» АҚ Басқарушы директоры;
- Утепбаев Байбол Анапияевич - тәуелсіз директор;
- Муртазаев Мурат Арзаевич – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы.

2009 жылғы 24 қарашадағы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама №106/09):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Малай Мукхерджиның өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тәуелсіз директор Толымбеков Манат Жаксыбергенович сайланды;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Муртазаев Мурат Арзаевичтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Святков Болат Аманжолович сайланды.

2010 жылғы 24 ақпандағы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама № 14/10):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің құрамы 6 адам көлемінде белгіленген;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тау-кен өнеркәсіп активтерін басқару директоры Абишев Жандос Жантореевич «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалған.

2011 жылғы 10 ақпандағы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама № 05/11):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Байжанов Улан Сапаровтың өкілеттілігі 2011 жылдың 20 қаңтардан мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры Сауранбаев Нурлан Ермекович «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалған.

2011 жылғы 18 сәуірдегі «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама №15/11):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Утепбаев Байбол Анапияевичтың өкілеттілігі 2011 жылғы 12 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Аргингазин Арман Ануарбекович мырза «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор болып сайланды.

2011 жылғы 07 маусымдағы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма шешімімен (хаттама №25/11):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Ужкенов Болат Султановичтың өкілеттілігі 2011 жылғы 26 мамырдан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Сауранбаев Нурлан Ермековичтың өкілеттілігі 2011 жылғы 06 маусымнан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Данияр Рүстемұлы Әбілғазин мырза «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің құрамына болып сайланды.

2011 жылғы 09 маусымдағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №1/11):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің құпия дауыс беру қорытындылары бойынша «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Данияр Рүстемұлы Әбілғазин сайланды.

12. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері

1) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 20 шілдедегі шешімімен (№ 2/11 хаттама) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындаулар және «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің сыйақы комитеттерін «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директор кеңесінің тағайындаулар мен сыйақы комитетіне біріктіру туралы шешім қабылданды.

Құзыреті:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті ережесінің жобасы қазіргі уақытта әзірлену сатысында.

2) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 26 қазандағы шешіміне (№ 9/10 хаттама) сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті құрылды.

Құзыреті:

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін (оның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығын) белгілеу;

- тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың атқарылуын бақылау;

- сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Аудит комитеті туралы ереженің талаптарына сәйкес басқа да мәселелер.

12-1. Ішкі аудит қызметі

1) Әлімова Бегзада Ескермесқызы, 1964 жылы 28 желтоқсанда туған - «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 24 қыркүйектегі шешіміне (№8/10 хаттама) сәйкес саны 1 (бір) штат бірлігінде анықталған.

2) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқарған лауазымы:

1. 06.06.2007ж. бастап (лауазымға түскен күні) 01.08.2008ж. дейін – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары.

Өкілеттіктері:

- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуін және уақтылы аударылуын бақылауды жүзеге асыру;

- бухгалтерлік есеп шоттарында шаруашылық операциялардың шынайы көрсетілуін бақылауды жүзеге асыру;

- халықаралық қатынастарда жүктерді тасымалдау бойынша түсетін кірістерді есепке алуды қамтамасыз ету;

- бухгалтерлік есепті автоматтандырудың заманауи құралдарын, бухгалтерлік есеп нысандары мен әдістерін ендіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- компанияның ақшасын аудару операцияларын күнделікті санкциялауды жүзеге асыру.

2. 26.02.2009ж. бастап (лауазымға түскен күні) 02.11.2010ж. дейін – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК бас бухгалтер.

Өкілеттіктері:

- бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды жүзеге асыру және материалдық, еңбектік, қаржылық ресурстардың үнемді пайдаланылуын бақылау, қаржылық-шаруашылық қызмет жоспарын, мемлекеттік сатып алуды қалыптастыру, түзету, талдау және орындау, қаржылық, статистикалық және салықтық есептілікті дайындау. Қаржылық-экономикалық қызмет жұмысын үйлестіру және бақылау;

- есепке алу саясатын, бухгалтерлік есеп шоттары жоспарын, негізгі құралдарды есептен шығару әдістемесін, іссапар нұсқаулығын әзірлеу және т.т.;

- Штат кестесін жасау.

3. 02.11.2010ж. бастап (лауазымға түскен күні) 31.07.2011ж. дейін – «КМГ-Астана» ЖШС бас бухгалтері.

Өкілеттіктері:

- бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды жүзеге асыру және материалдық, еңбектік, қаржылық ресурстардың үнемді пайдаланылуын бақылау, бюджетті қалыптастыру, түзету, талдау және атқару, қаржылық, статистикалық және салықтық есептілік дайындау;

- дебиторлық және кредиторлық берешекті бақылау.

4. 01.08.2011ж. бастап (лауазымға түскен күні) 31.07.2011ж. дейін – «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Ішкі аудит қызметінің бас менеджері.

Өкілеттіктері:

- ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын жасау және оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ ішкі аудит қызметі шығыстарының сметасын жасау.

- аудиторлық тапсырманы әзірлеу және құжаттамалық ресімдеу, көрсетілген рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

- орындалған аудиторлық тапсырма нәтижелері бойынша аудиторлық есептер жасау;

- ішкі аудит қызметі және сыртқы аудиторлар, консультанттар көрсеткен қызметтер нәтижелері бойынша нұсқамалардың орындалуы мониторингін жүзеге асыру;

- ішкі аудит қызметінің басшысын «Қазатомпром» ҰАК» АҚ меншігіне қатысты заңсыз әрекеттердің болуына көрсететін жағдайлар, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері) туралы ақпараттандыру;

- ішкі аудит қызметінің құқысы туралы есеп дайындауға қатысу.

5. 01.10.2011ж. бастап (лауазымға түскен күні) қазіргі уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.

Өкілеттіктері:

- Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ ішкі құжаттарын және ішкі аудит бойынша әдістемелік нұсқамалар және Ішкі аудит қызметіне қатысты басқа да құжаттар әзірлеуді қамтамасыз ету;

- Ішкі аудит қызметінің жұмысында «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жалғыз акционері бекіткен (ұсынған) ішкі аудиттің бірыңғай базалық принциптері мен рәсімдерін қолдануды қамтамасыз ету;
- Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептерді ұсынуды қамтамасыз ету;
- оның мақсаттарына қол жеткізу үшін Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалап отыру;
- Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлерінің еңбекақы және сыйлық беру мөлшері мен төлеу шарттарын анықтау, Ішкі аудит қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің кәсіптік дайындық деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау;
- мерзімді немесе орындылығына қарай мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау мақсатында Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің міндеттерін ротациялауды жүргізу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету;
- Ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит қызметінің отырысын шақыруды бастамалау;
- Ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

13. Акционерлік қоғамның алқалық (жеке-дара) атқарушы органы:

<p>Болат Аманжолұлы Святов</p>	<p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының Төрағасы.</p> <p>1) туылған күні: 21 маусым 1958 ж.</p> <p>2) қызметке түскен күні: 11 желтоқсан 2009 ж.</p> <p>3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы:</p> <p>- 11.12.2009 жылдан бастап (лауазымға кірісу күні) – қазіргі уақытқа дейін: «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының Төрағасы</p> <p>Өкілеттігі:</p> <p>1) «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметіне жалпы басшылықты, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерінің шешімдерін атқаруды бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;</p> <p>2) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасын басқарады және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жарғысымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ішкі нормативтік құжаттармен, Жалғыз акционердің шешімдерімен және «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесімен Басқарма Төрағасына жүктелген қызметтерді жүзеге асырады;</p> <p>3) «Тау-Кен Самұрық» АҚ мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен қатынасында</p>
------------------------------------	---

танытады, соның ішінде Президентке, Премьер-Министрге, Президент Әкімшілігіне, Премьер-Министрдің Кеңесі мен Қазақстан Республикасының Парламентіне, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдар мен «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша мемлекеттік органдары мен ұйымдарына бағытталған хаттарға қол қояды;

4) «Тау-Кен Самұрық» АҚ кадрлық саясатын анықтайды және жүзеге асырады;

5) «Тау-Кен Самұрық» АҚ қатерлерін басқару бойынша саясатты жүзеге асыруды бақылау мен құрастыруды қамтамасыз етеді;

6) «Тау-Кен Самұрық» АҚ бюджеттік, қазыналық, бухгалтерлік есеп және есептілік (соның ішінде статистикалық) саласындағы жүзеге асыру мен қалыптастыру процесін бақылайды және үйлестіреді;

7) «Тау-Кен Самұрық» АҚ бағдарламалары мен ағымдағы және келешектегі жоспарларды жүзеге асыруды бақылайды және құрастыруды қамтамасыз етеді;

8) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарна сәйкес мәмілелерді жасайды, мүліктерге, соның ішінде «Тау-Кен Самұрық» АҚ ақшалай қаражаттарына иелік етеді;

9) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпоративтік басқару кодексі мен «Тау-Кен Самұрық» АҚ басқа ішкі құжаттарына сәйкес, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі алдында есеп береді;

10) тікелей:

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма мүшелерінің;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Тәуекел-менеджменті департаментінің;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Адам ресурстарын басқару бойынша департаментінің қызметтерін үйлестіреді және бақылайды.

- 05.03.2009 жылдан бастап (лауазымға кірісу күні) –11.12.2009 ж. бойынша:
«Орталық Азия инвестициялық консалтингтік компания» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары

Өкілеттігі:

- 1) Компанияның қаржылық-экономикалық қызметіне жалпы басшылық жасау және бақылау.
- 2) есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің қызметіне жетекшілік ету;
- 3) Компаниямен қабылданған қаржылық-экономикалық қызметі саласындағы міндеттерді орындауды қамтамасыз ету;
- 4) басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерін, Компанияның тиімді жұмыс істеуін жоғарылату үшін материалдық және моральдық ынталандыру мәселелерін алқалы түрде талқылау және шешу, тапсырылған іс үшін әрбір жұмыскер мен барлық ұжымның жұмыс нәтижесіне жауапкершілігі мен материалдық мүдделілік принципін қолдану, белгіленген мерзімде еңбек жалақысын төлеп отыру;
- 5) Компанияның қызметі үшін қажетті қаржылық ресурстарды

қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

6) өзіне заңнамамен ұсынылған құқықтар шегінде, Компанияның қаржылық-экономикалық қызметіне қатысты мәселелерді шешу;

7) кәсіпкерлік қызметтің көлемін қолдау және кеңіту мақсатында, инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ете отырып, Компанияның қаржылық-экономикалық қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

8) Компанияның сапа менеджменті жүйесінің барыстарымен бекітілген қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

9) Компанияның қызметіндегі және оның шаруашылық-экономикалық байланысын жүзеге асырудағы заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету, нарықтық жағдайда қызмет ету мен қаржылық басқару үшін құқықтық құралдарды пайдалану, шарттық және қаржылық тәртіпті бекіту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу.

- 15.11.2007 жылдан бастап (лауазымға кірісу күні) –05.03.2009 жыл бойынша:

Тараз металлургиялық зауытының Бас директоры

Өкілеттігі:

1) қабылданған шешімдердің салдарлары үшін барлық толық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, кәсіпорынның мүлкін сақтау және тиімді пайдалану, сондай-ақ оның қызметіндегі қаржылық-шаруашылық нәтижеге, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес басшылық жасау;

2) барлық құрылымдық бөлімшелердің, цехтар мен өндірістік бірліктердің жұмысы мен тиімді өзара әрекетін ұйымдастыру, кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру, өнімді сату мөлшерін арттыру мен отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында оның әлемдік стандарттарға сәйкес келуін, өндірілген өнімнің бәсекелесу қабілеті мен сапасын, пайданы ұлғайту және тұрғындардың тиісті отандық өнім түрлеріне деген сұранысын қанағаттандыру;

3) банктерді қоса алғанда, кәсіпорын мен жеткізушілер, тапсырыс берушілер және кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету;

4) жаңа техникалар мен технологияларды, прогрессивті басқару формалары мен еңбекті ұйымдастыруды, ғылыми негізделген материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының нормативтерін кеңінен пайдалану негізінде өндірістік-шаруашылық қызметін ұйымдастыру, өнімнің (қызметтің) сапасы мен техникалық деңгейін жалпы түрде жоғарылату мақсатында, нарық конъюнктурасы мен озат тәжірибелерді (отандық және шетелдік), оның өнімдерінің экономикалық тиімділігін, өндірістік резервтер мен ресурстардың барлық түрлерін үнемді түрде шығындауды зерттеу;

5) кәсіпорынды білікті мамандармен, олардың кәсіптік білімі мен тәжірибесін дамыту және орынды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау, еңбек ету жағдайында өмір сүру мен денсаулық үшін қауіпсіз және жағымды жағдайды орнату, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама талаптарын сақтау;

	<p>6) басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістері, мәселелерді шешуде жеке-дара және алқалы түрде талқылаудың дұрыс үйлесуін қамтамасыз ету, өндірістің материалдық және материалдық ынталандыру тиімділігін арттыру, материалдық мүдделілік пен әрбір жұмыскер мен жұмыс нәтижесі үшін барлық ұжымның өздеріне тапсырылған іс үшін жауапкершілік принципін қолдану, белгіленген мерзімде жалақы төлеп отыру.</p> <p>7) еңбек ұжымы мен кәсіподақ ұйымдарымен бірге, әлеуметтік әріптестік принципі негізінде ұжымдық шартты әзірлеу, жасау және орындау, еңбек тәртібін сақтау;</p> <p>8) кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді шешу, қызметтің жеке бағыттарын басқа лауазымды тұлғаларға – директордың орынбасарына, өндірістік бірліктердің басшыларына және кәсіпорын филиалдарына, сондай-ақ функционалдық және өндірістік құрылымдарға тапсыру;</p> <p>9) кәсіпорын қызметінде заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыру, қаржылық басқару үшін құқықтық құралдарды пайдалану және нарықтық жағдайда қызмет көрсету, шарттық және қаржылық тәртіпті бекіту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, кәсіпкерлік қызметтің көлемін кеңіту мен ұстап тұру мақсатында, кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету.</p> <p>4) дауыс беретін акциялардың, қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына тиесілі пайыздық қатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Б.А. Святлов мырзаға тиесілі емес.</p>
<p>Сейітқали Сайлаубайұлы Рахимов</p>	<p>Басқарма Төрағасының орынбасары - «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма мүшесі.</p> <p>1) туылған күні: 20 наурыз 1965 ж.</p> <p>2) қызметке түскен күні: 21 сәуір 2009 ж.</p> <p>3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы:</p> <p>- 21.04.2009 жылдан (қызметке кірісу күні) – қазіргі уақытқа дейін:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p>Өкілеттігі:</p> <p>1) Қоғамның Даму стратегиясын қалыптастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соның ішінде Қоғамның Даму стратегиясын, стратегиялық бағдарламаларын, ағымдағы және перспективалық жоспарларды, индустриалды-инновациялық және өнеркәсіптік дамудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларымен Қоғам бағдарламаларының ықпалдастық мәселесі бойынша өзара әрекеттесуін үйлестіреді және бақылайды;</p> <p>2) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің жүзеге асырылуын, Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді қамтамасыз етеді, соның ішінде басқарудың корпоративтік</p>

стандарттарын енгізу, Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесіне, мемлекеттік органдарға (Президент әкімшілігіне, Премьер-Министр кеңесіне, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне) ақпарат пен есептілікті дайындау, ақпаратты жариялау және Қоғам қызметін баяндау процестерін үйлестіреді және бақылайды;

3) Қоғамның қаржы институттарымен жұмысы бойынша саясатын қалыптастырады және жүзеге асырады, соның ішінде Қоғамның қарыз алу, қаржы нарықтарын талдау және Қоғамның инвестициялық қызметін қаржыландыруды құрылымдау, несиелік рейтинг алу, Қоғамның жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалары мен инвестициялық жобаларын жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту процестерін үйлестіреді және бақылайды;

4) Қоғамның бюджеттік және қазынашылық саласындағы саясаттарын қалыптастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соның ішінде Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының Даму және бюджет жоспарын қалыптастыру, орындау, мониторингілеу және ол бойынша есептілікті ұсыну, Қоғамның уақытша бос қаражатын пайдалану, Қоғамның аудармалары мен төлемдерін іске асыру процестерін үйлестіреді және бақылайды;

5) Қоғамның бухгалтерлік есеп және есептілік (соның ішінде статистикалық) саясатын қалыптастыру және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соның ішінде Қоғамның бастапқы құжаттары мен өткізулерін қалыптастыру, өңдеу, бухгалтерлік және салық тіркелімдерін қалыптастыру және жүргізу, мемлекеттік органдарға салық және статистикалық есептілікті дайындау және ұсыну, Қоғамның сыртқы аудиторларымен өзара қарым-қатынас жасау, Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының қаржы есептілігін құру процестерін үйлестіреді және бақылайды;

6) Қоғам қызметінің құқықтық және ақпараттық-ұйымдастырушылық қамсыздандыру, акционерлік қоғамдардың акциялары және шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына үлестік қатысу түріндегі Қоғам активтерін басқару процестерін үйлестіреді және бақылайды;

7) Қоғамның сатып алу процесін үйлестіреді және қадағалайды;

8) бақылауға алынған құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның шығыс хаттарына қол қояды;

10) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарда Қоғам өкілі болады;

11) тікелей:

- Корпоративтік даму жөніндегі басқарушы директор;
- Қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- Қоғам қызметінің құқықтық қамсыздандыру, Қоғам қызметінің ақпараттық-ұйымдастырушылық қамсыздандыру акционерлік қоғамдардың акциялары және шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына үлестік қатысу түріндегі Қоғам активтерін басқару мәселелерін, сондай-ақ сатып алуларды ұйымдастыру мәселесін басқаратын басқарушы директор қызметін үйлестіреді және бақылайды;

12) Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы шешімімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен

	<p>белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.</p> <p>- 16.07.2005 ж. (қызметке түскен күні) бастап –21.04.2009 ж. дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Вице-президенті</p> <p>Өкілеттігі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Банк қызметінің, инвестициялық жобалардың, экспорттық және лизингілік операциялардың құқықтық сараптамасы мен құқықтық алып жүруін құқықтық қамтамсыз ету; 2) есеп саясатын, Банк бюджетінің орындалуын бюджеттік жоспарлау және қадағалау (шығындар сметасы) процесін жүзеге асыру; 3) Банктің әкімшілік-шаруашылық қызметін ұйымдастыру және үйлестіру; 4) операциялық қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қарым-қатынас орнатуды ұйымдастыру; 5) күрделі несиелерді басқару және қаржылық емес активтерді жүзеге асыру процесін ұйымдастыру мен үйлестіру; 6) кадрлық саясатты жүзеге асыру және Банк қызметкерлерімен жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру; 7) Президент, вице-Президенттер, Басқарушы директорлар, Атқарушы директорлар мен Банк Президенті Аппаратын басшылары арасында міндеттерді бөлуге сәйкес басқа да өкілеттіктер. <p>4) Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына тиесілі дауыс беруші акциялардың пайыздық арақатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары С.С. Рахимов мырзаға тиесілі емес.</p>
<p>Саяхат Алпысұлы Кунакаев</p>	<p>Басқарма Төрағасының орынбасары- «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның басқарма мүшесі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) туылған күні: 03 маусым 1955 жылғы. 2) лауазымға кіріскен күні: 21 сәуір 2009 ж. 3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы: <p>- 21.04. 2009 ж. (қызметке кірісу күні) – қазіргі уақытқа дейін: «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p>Өкілеттігі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қоғамның инвестициялық саясатын жасау және жүзеге асыруды, оның ішінде Қоғамның жер қойнауын пайдалану жобалары мен инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде басқару, құрылымдау, мониторингілеу, күрделі құрылыс және техникалық қадағалау процестерін үйлестіру мен бақылауды қамтамсыз ету; 2) Қоғамның инновациялық-технологиялық дамуы бойынша саясатты қалыптастыру және іске асыруды қамтамсыз етеді,

оның ішінде минералды шикізатты жобалау, өндіру және өңдеу және жаңа технологияларды енгізу, сондай-ақ R&D (Research and Development) қызметін ұйымдастыру процестерін үйлестіреді және бақылайды;

3) Қоғамның жер қойнауын пайдалану аясындағы саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу, құзырлы органмен тікелей келісімдер жүргізу, жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды орындау, инвестициялық құрал ретінде жер қойнауын пайдалану құқығын пайдалану шарттарын анықтау процестерін үйлестіреді және бақылайды;

4) Қоғамның геология саласындағы саясатын жасау мен іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде қатты пайдалы қазбалар бойынша минералдық-шикізат базасын талдау, келешегі бар және артықшылықтағы кенорындары және барлау, қатты пайдалы қазбаларды өндіру, Қоғам барлау және өндіруге жоспарлап отырған кенорындары мен аумақтарды геологиялық зерттеу бойынша ұсыныстар жасау, Қоғам қызметін геоақпараттық қамсыздандыру процестерін үйлестіреді және бақылайды;

5) бақылауға алынған құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның шығыс хаттарына қол қояды;

7) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарда Қоғам өкілі болады;

8) тікелей:

- Басқарушы директор/Бас геолог;

- Жобаларды дамыту жөніндегі басқарушы директор;

- Инновациялық-технологиялық даму жөніндегі басқарушы директор қызметін үйлестіреді және бақылайды.

9) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Қоғам басқармасының шешімдерімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

- 2008ж.03.01. (лауазымға кірісу күні) – 21.04.2009ж. аралығында:

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тікелей инвестициялар департаментінің директоры.

Өкілеттігі:

1) Департамен жұмысын үйлестіреді және оған жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапкершілікте болады;

2) Министрлік басшылығына Департамент құрылымы мен штат кестесі, Департамент қызметкерлерін тағайындау және жұмыстан босату, сондай-ақ оларды көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшылары мен орынбасарларының өкілеттігі мен міндеттерін анықтайды;

4) Департамент қызметкерлері арасында міндеттерді бөледі және тиісті орындаушылық және еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;

5) Департамент қызметкерлерінің біліктілігін және кәсіби деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдайды;

	<p>6) Департаментке жүктелген басқа да функционалдык міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.</p> <p>4) Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына тиесілі дауыс беруші акциялардың пайыздық арақатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары С.А. Кунакаев мырзаға тиесілі емес.</p>
<p>Қылышбек Сатылғанұлы Ізбасханов</p>	<p>Басқарушы директор - «Тау-Кен Самұрық» АҚ басқармасының мүшесі.</p> <p>1) туылған күні: 26 қазан 1952 ж.</p> <p>2) лауазымға кірген күні: 12 мамыр 2009ж.</p> <p>3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы:</p> <p>- 12.05.2009 жылдан бастап (қызметке кіріскен күні) – бүгінгі күнге дейін «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының Басқарушы директоры</p> <p>Өкілеттігі:</p> <p>1) Қоғамның инновациялық-техникалық дамуы барысындағы саясатты қалыптастыру мен іске асыру шаралары, трансферт пен минералды шикізатты қайта өңдеу, барлау мен жобалау барысындағы жұмыстарды және жаңа технологияларды енгізу, R&D (Research and Development) жұмыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады;</p> <p>2) тау-кен саласында оның құзыретіне енетін жобаларды және инвестициялық жобаларды сараптау барысындағы әрекеттерді ұйымдастырады;</p> <p>3) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның шығыс хаттарына қол қояды;</p> <p>4) жетекшілік ететін Қоғам бөлімшелерінің бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында ие болған, көрсетілген қызметтер мен атқарылған жұмыстар актілеріне, қабылдап алу-өткізу актілеріне қол қояды;</p> <p>5) Қоғам басшылығының тапсырысы бойынша оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және басқа да ұйымдарда Қоғам өкілі болады;</p> <p>6) Тікелей:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Минералды шикізатты өңдеу мен барлау, жобалау департаменті; - Инновациялық-технологиялық даму департаменті қызметін бақылайды және үйлестіреді; - Қоғам басқармасының, Қоғам Басқармасының Төрағасының шешімімен және Қоғамның басқа да ішкі нормативті құжаттарымен анықталған функцияларды жүзеге асырады. <p>- 05.01.2009ж. (қызметке кіріскен күні) –12.05.2009 ж. дейін: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-уқат қоры» АҚ Өнеркәсіптік активтерді басқару бойынша дирекция директоры;</p>

Өкілеттігі:

- 1) Дирекция қызметін ұйымдастыру мен басқару;
- 2) Дирекция құзіреті көлемінде мемлекеттік және басқа да органдарда Қоғам өкілі болу;
- 3) Мына төмендегі әрекеттерді ұйымдастырады:
 - техникалар мен технологиялардың дамуының әлемдік тенденциясын сараптау барысында ЕТҰ-ды дамыту мен жағдайын бағалау;
 - ғылым мен инновация және өндіріс саласында заңды қолдану тәжірибесін енгізу мен сараптау, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау.
- 4) дайындықты қамтамасыз ету:
 - ЕТҰ жобалары мен инвестициялық, өндірістік бағдарламалар бойынша сараптамалық қорытындылар, ақпараттар, материалдар мен есептерді;
 - Қоғам Дирекциясы айналысатын мәселелері бойынша жобалар шешімін, соның ішінде Басқарманың, Қор Директорлар кеңесінің шешімдерінің жобасын;
 - Қордың инвестициялық бастамасы бойынша сараптамалық қортындыларды дайындауды қамтамасыз етеді;
- 5) Қоғамның бюджет бойынша және жоспарлы түрде мемлекеттік сатып алу ұсыныстарын, соның ішінде техникалық-экономикалық негіздеу, консалтинг, аудит және т.б. оса алғанда, ұсыныстарды дайындауға қатысады;
- 6) Дирекция құзыретіне енетін мәселелер бойынша қызметтік жазылымдар мен хаттарды дайындауды қамтамасыз етеді;
- 7) Директорға Басқарма Төрағасымен, жетекшілік етуші атқарушы директормен және Басқарушы директормен тапсырылған басқа да міндеттерді атқарады.

01.08.2006ж. (қызметке кіріскен күні) – 05.01.2009 ж.:

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ Вице-Президенті

Өкілеттігі:

- 1) Компанияның қаржылық-экономикалық қызметін жалпы басқару мен бақылау;
- 2) Компаниямен қабылданған қаржылық-экономика қызметі саласындағы міндеттерді, соның ішінде мемлекеттің бюджеттен тыс әлеуметтік қорларын, жеткізушілер мен тапсырыс берушілердің, кредиторлардың банк мекемелерінің кедендік қызмет органдарының міндеттерін, сонымен қатар шаруашылық және еңбек шарттарын, бизнес-жоспарларды (келісімдерді) орындауды қамтамасыз ету;
- 3) қаржылық-экономикалық қызметке жауап беруші Қоғам басшыларының орынбасарларының (қаржылық-экономикалық қызмет) және бас бухгалтерлердің (бухгалтерлік қызмет) жұмысын басқару мен бақылау;
- 4) Компания мен Қоғамға қаржыны басқару мен бухгалтерлік есепті жасауда автоматтандыру бағдарламасын енгізу барысын бақылауды қамтамасыз ету;
- 5) Компания мен Қоғамда қаржылық есептілік пен

	<p>бухгалтерлік есепке алудың мемлекеттік стандартын енгізу мен одан соң қолдануды жалпы бақылау;</p> <p>6) Компанияның қаржылық стратегиясын дайындауды қамтамасыз ету мен оның қаржылық тұрақтылығын бақылау;</p> <p>7) Компания қызметінің тиімділігін арттыруда материалдық және моральдық ынталандыру мәселелерін талқылау барысында алқалылықты, басқарудың әкімшілік және экономикалық дұрыстығын қамтамасыз ету, әрбір қызметкердің өзіне тапсырылып берілген міндетін жауапкершілікпен орындауында және бүкіл ұжым жұмысының нәтижесінің дұрыс болуы үшін материалдық қызығушылықты қолдану мен жалақыларды өз уақытында төлеп отыру;</p> <p>8) Компания Қоғамдарында қаржы саласында бірыңғай саясатты дайындап, қолдану;</p> <p>9) Компания қызметі үшін қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;</p> <p>10) Компанияның қаржылық-экономикалық қызметін қолданыстағы заңнамаға сай басқару;</p> <p>11) Компания мен Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін сараптау жұмыстарына басшылық жасау және сараптау қортындысы бойынша шаралар жүргізуді басқару;</p> <p>12) Есептік құжаттардың дұрыс жасалуын бақылауға алу және олардың дер кезінде ішкі және сыртқы қолданушыға жетуін бақылауға алу;</p> <p>13) Жетекшілік етуші Департаменттердің басшылығын іске асыру;</p> <p>14) Компанияның қаржылық-экономикалық қызметіне қатысты мәселелерді оның өзіне заңмен берілген құқығы көлемінде шешу;</p> <p>15) Кәсіпкерлік қызмет көлемін кеңейту мен қолдау мақсатында инвестициялық тартымдылықты пайдалана отырып, Компанияның шаруашылық-экономикалық байланысын жүргізуді жүзеге асыру;</p> <p>16) Бекітіліп берілген сапа менеджменті жүйесін қолдануын қамтамасыз ету мен Компанияның сапа менеджменті жүйесінің құжаттар ретін сақтау;</p> <p>17) Компания қызметінде заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету және оны шаруашылық-экономикалық байланыста қолдану, қаржылық басқару мен нарықтық жағдайда құқықтық құрал ретінде қолдану, келісімшарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын ретту.</p> <p>4) Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына тиесілі дауыс беруші акциялардың пайыздық арақатынасы:</p> <p>«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Қ.С. Избасханов мырзаға тиесілі емес.</p>
--	--

14. Соңғы қаржы жылы ішінде проспектінің 11, 12 тармақтарында көрсетілген қоғамның тұлғаларына төленген және берілген сыйақының және жалақының, сонымен қатар жеңілдіктердің жалпы сомасы: Акционерлік қоғам жаңадан құрылған ақпарат жоқ.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы:

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№3/11 хаттама) 2011 жылғы 19 қыркүйекте бекітілген «Тау-Кен Самұрық» АҚ орталық аппаратының құрылымына сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ құрылымдық бөлімшелері:

- Корпоративтік хатшы қызметі;
- Ішкі аудит қызметі;
- Тәуекел-менеджмент департаменті;
- Адам ресурстарын басқару департаменті.
- Басқарушы директор/Бас геолог:
 - Геология департаменті;
 - Жер қойнауын пайдалану департаменті.
- Жобаларды дамыту жөніндегі басқарушы директор:
 - Жобаларды құрылымдау және мониторингілеу департаменті;
 - Жобаларды басқару департаменті;
 - Күрделі құрылыс және техникалық қадағалау департаменті.
- Инновациялық-технологиялық дамыту жөніндегі басқарушы директор:
 - Жобалау, минералдық шикізат өндіру және қайта өңдеу департаменті;
 - Инновациялық-технологиялық дамыту департаменті.
- Басқарушы директор:
 - Заң департаменті;
 - Ақпараттық-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету департаменті;
 - Сатып алуды ұйымдастыру қызметі;
 - Үлестерді және акциялар пакеттерін басқару департаменті.
- Корпоративтік дамыту жөніндегі басқарушы директор:
 - Стратегия және корпоративтік дамыту департаменті;
 - Қаржы институттарымен жұмыс департаменті.
- Қаржы жөніндегі басқарушы директор:
 - Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаменті;
 - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті.

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны: «Тау-Кен Самұрық» АҚ штат саны – 75 адамнан тұрады.

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың процентпен орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі: «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметкерлері көрсетілген қоғамның акцияларын иеленбейді.

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы):

- Корпоративтік хатшы – Рыспеков Нұрлан Жеңісұлы, 16 қарашада 1970 жылы туған (Корпоративтік хатшы қызметі);
- Ішкі аудит қызметінің басшысы – Әлімова Бегзада Ескермесқызы, 28 желтоқсанда 1964 жылы туған;
- Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры – Әбілдинов Бейбіт Үрістемұлы, 25 шілдеде 1976 жылы туған;
- Адам ресурстарын басқару департаменті директорының міндетін атқарушы – Айтбаева Жанна Баймұратқызы, 18 наурызда 1975 жылы туған.
- Басқарушы директордың/Бас геологтың міндетін атқарушы – Ижанов Айбек Балдайұлы, 08 тамызда 1976 жылы туған:
 - Геология департаменті директорының міндетін атқарушы – Корязова Юлия Юрьевна, 23 мамырда 1976 жылы туған;
 - Жер қойнауын пайдалану департаменті директорының міндетін атқарушы – Несіпбаев Дәурен Ақжолтайұлы, 10 наурызда 1978 жылы туған.

- Жобаларды дамыту жөніндегі басқарушы директор – Сон Вячеслав Владимирович, 14 қаңтарда 1982 жылы туған:
 - Жобаларды құрылымдау және мониторингілеу департаментінің директоры – Сарсенқұлов Ұлан Жансеітұлы, 01 сәуірде 1985 жылы туған;
 - Жобаларды басқару департаментінің директоры – Мүсәпіров Хайролла Қадырсызұлы, 12 желтоқсанда 1963 жылы туған;
 - Күрделі құрылыс және техникалық қадағалау департаментінің директоры – Кожаметов Өмірғали Тоқтарұлы, 24 қазанда 1959 жылы туған.
 - Инновациялық-технологиялық даму жөніндегі басқарушы директор – бос орын:
 - Жобалау, минералдық шикізат өндіру және қайта өңдеу департаментінің директоры – Әбдіреев Батырбек Сейтенұлы, 01 қазанда 1957 жылы туған;
 - Инновациялық-технологиялық даму департаментінің директоры – бос орын.
 - Басқарушы директор – Шаймарданов Ерлан Еркінұлы, 29 қыркүйекте 1981 жылы туған:
 - Заң департаментінің директоры – Әбдірахманов Әлібек Бітімбайұлы, 14 қазанда 1980 жылы туған;
 - Ақпараттық-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету департаментінің директоры – бос орын;
 - Сатып алуларды ұйымдастыру қызметінің басшысы – Қалтаев Самат Қаламбайұлы, 10 тамызда 1981 жылы туған;
 - Үлестерді және акциялар пакеттерін басқару департаментінің директоры – бос орын.
 - Корпоративтік даму жөніндегі басқарушы директор – Зайнулина Гаухар Нұрғалиқызы, 25 наурызда 1980 жылы туған:
 - Стратегия және корпоративтік дамыту департаментінің директоры – Ерденова Мариям Саруарқызы, 12 желтоқсанда 1979 жылы туған;
 - Қаржы институттармен жұмыс департаментінің директоры – Отыншиев Елжас Мұратұлы, 01 сәуірде 1987 жылы туған.
 - Қаржы жөніндегі басқарушы директор – Ахмурзин Эрик Мерекеұлы, 20 тамызда 1970 жылы туған:
 - Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаментінің директоры – Кәрім Дәмір Амангелдіұлы, 20 қарашада 1972 жылы туған;
 - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – бас бухгалтер – Сеитова Алмагүл Балташқызы, 23 тамызда 1960 жылы туған.
- 5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы): «Тау-Кен Самұрық» АҚ филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

16. Қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері:

Занды тұлғаның толық атауы	Занды тұлғаның орналасқан жері	Қоғамның орналастырылған дауыс беретін акцияларының акционерлерге тиесілі акциялардың проценттік ара қатынасын көрсету қажет.
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының	Республика Қазақстан, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 23, блок С.	100%

17. Қоғам ірі акционері болып табылатын не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп үлесі бар ұйымдар туралы мәліметтер:

Толық атауы: «Тау-Кен Алтын» жауапкершілігі шектеулі серіктесті.

Орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 12/1, 204-офис.

Акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестердің) проценттік ата қатынасы: 100%

Қызмет түрлері:

- 1) алтын, күміс, басқа да құнды металдар және ілесіпе құрауыштар алу үшін құрамында алтын бар минералдық және екіншілік шикізатты барлау, өндіру, байыту, қайта өңдеу, алтынды, күмісті және басқа да құнды металдар мен оларға ілесіпе құрауыштарды аффинаждау, сондай-ақ дайын өнімді өткізу;
- 2) аффинажалған алтын мен басқа да құнды металдарды және олардан жасалатын бұйымдарды шығару;
- 3) техникалық және зергерлік бұйымдар шығару;
- 4) түрлі материалдардың алтын және күміс қамтуын анықтау бойынша қызметтер ұсыну және алтын мен күміске арбитраждық сынамалар талдауын жүргізу;
- 5) бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу;
- 6) тау-кен металлургия кешені кәсіпорындарының технологиялық жабдығын жобалау, дайындау, монтаждау және оларға сервистік қызмет көрсету;
- 7) тау-кен металлургия өнеркәсібінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инжинирингтік жұмыстарды орындау;
- 8) құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау;
- 9) құрылыс материалдарын және олардан жасалатын бұйымдар шығару;
- 10) инвестициялық қызмет;
- 11) Заңнамамен тыйым салынбайтын өзге де қызмет болып табылады.

Серіктестік тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде анықталатын қызметтің негізгі түрлерімен лицензия негізінде айналыса алады.

Бірінші басшы:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен (№ 1/10 хаттама) Қайролла Теңдіқұлы Әлиақпар «Тау-Кен Алтын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып сайланды.

18. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ «Самұрық–Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» ҚР заңына сәйкес Қор тобының құрамына кіреді.

Қордың толық атауы - «Самұрық–Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы.

Қордың қысқартылған атауы - «Самұрық–Қазына» АҚ.

Қордың мекен-жайы – Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 23.

19. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәлімет: «Тау-Кен Самұрық» АҚ аффилирленген тұлғалары жоқ.

20. Қоғамның аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер: «Тау-Кен Самұрық» АҚ аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер жасалған жоқ.

3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Негізгі қызмет түрлерінің сипаттамасы:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №10 қаулысымен құрылған.

- 1) қатты пайдалы қазбаларды барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу және сату саласындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиімді қызметті қамтамасыз ету;
- 2) қоғамға берілетін тау-кен металлургия саласы кәсіпорындарының акциялар пакеттерін тиімді басқару;
- 3) тау-кен металлургия өнеркәсібінде ғылымды қажетсінетін және тиімді жаңа технологияларды әзірлеу және еңгізу;
- 4) республиканың минералдық шикізат базасын ұдайы өндіру, кен орындарының баланстан тыс қорын игеру;
- 5) техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу;
- 6) залалды кеніштер мен қоймаларды тарату және консервациялау, су төкпе қызметі.

«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ тау-металлургиялық тік интеграцияланған, қосылатын бағалардың бауларының буындарының барлығында қызмет жүргізетін холдинг болып табылады, оның ішінде:

- геологиялық барлау жұмыстарын өткізу;
- кен орындарын өңдеу жұмыстарын ғылыми-техникалық, проекттік сүйемдеу;
- қатты және жалпытаралған пайдалы қазбаларды өңдеу мен қайта өңдеу;
- продукцияны өткізу;
- техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу;
- залалды кеніштер мен қоймаларды тарату және консервациялау.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ және де Қазақстанның тау-металлургиялық кәсіпорындарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерін (ENRC PLC (акциялардың 11,65%) KFZAKHMYS PLC (1 акциялардың 4,99%), АО «Майкаинзолото» (акциялардың 25%), ғылыми-зерттеу институттарды, және де қатты және пайдалы қазбалар кен орындарын өңдеу мен пайдаланудағы бірлестік жобаларының ішінде бірлескен кәсіпорындарындағы қатысу үлестерін басқаруды іске асырумен айналысады.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметі келесі салалық басыңқылықтармен сәйкес іске асырылады:

- 1) Алтын кен орындарын зарарлы қоспалардың (күшәла) бар болуында технологиялық байыту регламенттерді өңдеу тәсілімен игеру.
- 2) Ферроқорытпаларды шығару – Екібастұз кесіктерінің көмірдік селекциясы негізінде ферросиликоалюминий және Қазақстанның марганецтік кен орындарының негізінде ферросиликомарганец.
- 3) Сирек кездесетін және жерде сирек кездесетін (вольфрам, ниобий, рений, т.б.) металлдарды шығару.
- 4) Қара металлдар кендері кенорындарын игеру (темір, марганец) оның ішінде фосфор, титанды жоғары қамтитын теміркендері кен орындарын зарарлы қоспалардың бар болуында технологиялық байыту регламенттерін өңдеу тәсілімен, келесідегі металлургиялық өндірістерді ұйымдастырумен игеру.
- 5) Кен денелерінің терең жатысымен (100 м-ге дейін және одан аса) үлкен тереңдіктерден пайдалы қазбаларды алудағы жаңа технологияларды шығару тәсілімен боксит кен орындарын барлау және өңдеу.
- 6) Көмір және асыл, қаптамалық, құрылыстық тастар кен орындарын игеру.

Негізгі бәсекелестер:

Қазақстан Республикасында «Тау-КенСамұрық» АҚ негізгі бәсекелестері болып тау-металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, ENRC және Қазақмыс корпорациялары, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «Қазмырыш» АҚ – аршылған мырыш өндіруден жетінші, «Южполиметалл» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК, «Жезқазғансирекмет» РМК, «Қостанай минералдары» АҚ – асбест өндіруден үшінші.

- 1) «АрселорМиттал Теміртау» АҚ

Кәсіпорын толық металлургиялық топтамаға ие және түрлі өнімдерді өндіруде маманданады: шойын, мырыш, қақталған қаңылтыр, ақ қалайы, мырыштанған қаңылтыр, кокс және жанама химиялық өнімдер.

Кәсіпорын меншіктік шикізат қорына ие, және оларға келесілер кіреді: «Өркен» ЖШС, (Лисаковск кен орны, Лисаковск), «Тоғай» ЖШС (Кеңтөбе кен орны Кеңтөбе), «Өркен» ЖШС («Қаражал» кен орны Қарағанды облысы).

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ экспорттық жағрафиясына 45 астам алыс шет елдері және 9 ТМД елдері кіреді.

Металлургиялық өнімдерінің негізгі импорттаушы-елдер болып Ресей, Қытай, Иран табылады. Осы елдерге жеткізілімдер көлемі кәсіпорынның жалпы жеткізілімдерінің 50% аса бөлігін құрайды.

2008 жылы кәсіпорын пайдалануға қуаттылығы жылына 450 мың тонна сорттыққақтау өндірісін еңгізді.

2) ENRC тобы:

ENRC тобы құрамына: «ТНК Қазхром» АҚ, «ССТӨБ» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстан электролиздік зауыты» АҚ, «Еуразиялық Энергетикалық Корпорациясы» АҚ, «Жайрем ТБК» АҚ кіреді.

«ТНК Қазхром» АҚ:

Кәсіпорынның негізгі қызметіне хром кенін өңдеу және өткізу, және де феррокорытпаларды өндіру кіреді. Кәсіпорын төрт негізгі өндірістік бөлімшелерден тұрады:

Ақсу феррокорытпалар зауыты – хром, силиций, марганец қорытпаларын өндіру.

Ақтөбе феррокорытпалар зауыты – хром, силиций қорытпаларын өндіру.

Дон тау-байыту комбинаты (ДТБК) – ашық кеніштерден және жерасты шахталардан хром кенін өңдеу, феррокорытпаларды өндіруде қолданылатын және жарым-жартылай тура іске асыру, оны қайта өңдеу мен байыту.

«Жайрем ТБК» – феррокорытпаларды өндіруде пайдаланылатын марганец кенін өңдеу мен қайта өңдеу.

«Қазхром» ТНК 16 мың жұмыскер жұмыс істейді, жалпы орнатылған қуаттылығы 850-920 МВА 40 электрошақтары орнатылған.

Өндіру және өткізу көлемі бойынша, компания әлемнің феррохром нарығында Samancor және Xstrata -дан кейін үшінші орын алып отыр. «Қазхром» ТНК өнімдері әлемнің негізгі феррокорытындылар нарықтарының барлығында сатылады, оның ішінде АҚШ, Еуропа; және де Оңтүстік-шығыс Азия (Жапон, Оңтүстік Корея, Қытай, Тайвань). Өндірілетін қорытындылар тізімдемесіне, феррохромның бар маркаларынан тыс: жоғарыкремнийлі ферросилиций, ферросиликохром, төменфосфорлы силикомарганец кіреді.

Соколов-Сарбай тау-байыту өндірістік бірлестігі (ССТӨБ):

Кәсіпорынның еншісіне Қазақстандағы темір кен өндірімінің 80% жуық келеді. Кәсіпорынның жұмыскерлерінің саны 16,6 мың адам құрайды.

Кәсіпорын теміркендік шоғыр, офлюстенген окатыштер, шикі жаншылған кен өңдеу, доломит, әктас және қиыршықтас өндіреді. ССТӨБ құрамына Соколов, Сарбай, Қашар және Құржұнкүл теміркендік карьерлер, Соколов жерасты кеніші, Алексеевск доломиттік және Қызылжар әктас карьерлері, кендайындау кешені, жөндеу-механикалық зауыты, ЖЭС және басқа бөлімшелер кіреді.

Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы: шикі кен өңдеуде – жылына 33,6 млн. тонна; шоғыр өндіруде – жылына 14,1 млн. тонна; окатыштер өндіруде – жылына 8,8 млн. тоннаны құрайды.

Кәсіпорынның өнімдері «Миттал Стил Теміртау» АҚ, Ресейге, «Магнитогорский металлургический завод» АҚ, Қытайға жеткізіледі.

«Қазақстан алюминийі» АҚ:

Кәсіпорын құрамына Павлодар алюминий зауыты, Краснооктябрьск боксит кенбасқармасы, Торғай боксит кенбасқармасы, Керегетас кеніші, ЖЭС және басқа бөлімшелер кіреді.

Кәсіпорынның негізгі қызметі болып металлургиялық сазтопырақ, тазалығы жоғары металлдық галий мен күкіртқышқыл алюминий, отқа шыдамды саз, әктас алу мақсатымен минералдық шикізатты өңдеу мен кешенді қайта өңдеу табылады.

«Қазақстан алюминийі» АҚ балансында 8 кен орындары бар. Қазіргі уақытта: Аят, Белинск, Краснооктябрьск, Арқалық, Төменгі- мен Жоғарғы-Ашут кен орындары өңделуде. Өңдеу жұмыстары ашық тәсілмен жүргізілуде.

Кәсіпорынның сазтопырақ өңдеуде өндірістік қуаттылығы жылына 1,5 млн. тонна сазтопырақ құрайды. Кәсіпорынның қызметкерлер саны тізімге сәйкес 12 252 адам.

Өнімдер (сазтопырақ) «Красноярский алюминиевый завод» ААҚ (Красноярск қ-сы), «Братский алюминиевый завод» ААҚ (Братск қ-сы), «Новокузнецкий алюминиевый завод» ААҚ (Новокузнецк қ-сы), Қытай алюминий зауыттарына, «Тәжік алюминий зауыты» ААҚ жеткізіледі. Галий ENRC Marketing AG сауда бөлімшесі арқылы Жапонияға өткізіледі.

Қазіргі уақытта кәсіпорын Қазақстан электролиздік зауытының екінші кезегінің құрылысы жүргізілуде. Жобаның бағасы – 505 млн. АҚШ долл. Жіберілу уақыты 2012 жыл.

3) «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС:

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мыс және поллиметалл кендерін өңдеу мен қайта өңдеуде, аршылған мыс, металлдық мырыш, басқа түсті металлдарды өндіруде орасан зор кәсіпорын болып табылады.

Корпорация тауарлық өнімдердің келесі атауларын өндіреді: катодтық мыс, аффинаждалған күміс, аффинаждалған алтын, металлдық мырыш, қорғасындық қоқым, күкірт қышқылы, сирек кездесетін металл тұздары. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мыс өндіру көлемінен әлемнің орасан зор компанияларының алғашқы ондығына кіреді.

Корпорацияның осыдан басқа қызмет түрлері: электр және жылу электроэнергиясын өндіру мен өткізу, ғылыми-зерттеу, жобалық-іздеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, жүк және жолаушы тасымалы.

Корпорацияның өндірістік қорына: 24 жерасты және ашық өңдеу кеніші, 9 байыту фабрикасы, 2 мыс қайнату және 1 мырыш зауыты, мыс катанкасын өндіру зауыты, бірнеше жөндеу-механикалық зауыт, шахтақұрылысы және құрылыс-монтаж трестері, кешенді ғылыми-зерттеу орталығы, 2 көмір кесігі, 3 жылу электростанциясы, дамыған инфрақұрылым, оның ішінде автомобильді, теміржол, әуе көліктері, осы күнгі телекоммуникациялар желілері жатады.

Корпорацияның құрамына: Жезқазған тау-металлургия комбинаты; «Балхашцветмет»; Жезкент тау-байыту комбинаты; ШығысҚазМыс; «Қарағандацветмет» ӨБ, Қарағанды құю-машина жасайтын зауыт; Қарағанды құю зауыты; Германиядағы «Mansfelder Kupfer and Messing» (МКМ) мыс және мыстан шығарылатын өнімдер өндіретін тәуелді Компания.

Корпорация Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының аумағында 40 пайдалы қазба кен орындарын игеріп жатыр. Осы кен орындарында әртүрлі пайдалы қазбалар өңделеді: мыс, мырыш, қорғасын, алтын, күміс және басқа металлдар, көмір, әктас, саздақтар, құрылыс тасы, құрылыс құмы, саздар, қаптау тас, құм-қиыршықты қосындылар, жерасты сулары. Кен орындары баланстық кендердің едәуір қорына ие, олардың игерілуі ҚР Үкіметімен жасасқан 35 жер қойнауын пайдалану келісімшарттың аяқталуынан ұзақ созылуы ықтимал.

Корпорацияда 70 мыңға жуық адам жұмыс істейді.

4) «Қазмырыш» АҚ:

«Қазмырыш» акционерлік қоғамы 1997 жылы төрт ірі тау-байыту және металлургиялық компаниялар базасында құрылған: «Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты» АҚ, «Лениногорск полиметалл комбинаты» АҚ, «Зыряновск қорғасын комбинаты», Текелі тау-байыту кешені және Бұқтарма гидроэнергетикалық кешені.

Қазіргі уақытта «Қазмырыш» АҚ көп профильдік тік интеграцияланған, өндірісі циклы аяқталған тау-металлургиялық кәсіпорыны: кен өндеуден дайын өнімдер өндіруге дейін.

«Қазмырыш» АҚ келесі қызметтерді іске асырады: металлдық мырыш, аршылған қорғасын, аффинажалған алтын және күміс, мыс концентратын, күкірт қышқылын өндіру және электр және жылу энергиясын өткізу.

«Қазмырыш» АҚ құрамына Лениногорск тау-байыту кешені, Зыряновск тау-байыту кешені және құрамына Өскемен қорғасын, Лениногорск мырыш зауыттары, және де қосалқы цехтер кіретін Металлургиялық өндірімдер кіреді.

5) «Южполиметалл» АҚ:

«Южполиметалл» АҚ қорғасын мен ілеспелі түсті және сирек кездесетін металлдардың өндіруші ірі кәсіпорын. Қорғасын, висмут, сирек кездесетін металл, күкіртқышқыл өндіріс, таза металлдар алу, жоғары тазалық қорғасын қышқылдары, қорғасын ұнтағы және қорғасын прокаттайтын, және де күміс пен алтын қорытпасын шығару цехтерін біріктіреді.

Аршылған қорғасын өндіретін зауыттың қуаттылығы жылына 140 мың тоннаны құрайды.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы агломерациялық цех, балқыту цехы, аршу цехы, химиялық-металлургиялық цех, сирек кездесетін металлдарды шығаратын гидрометаллургиялық цех, қоқымұстаушы цех, күкіртқышқылдық цех, қышқылдар өндіретін химиялық-металлургия цехтен тұрады. Құрамына Турланская шахтасы және қуаттылығы жылына 27 мың тонна мырыш вельцқышқылын өндіретін металлургиялық цех кіретін Ащысай кеніші және қуаттылығы жылына 4,5 млн. тонна Кентау байыту фабрика кіреді.

Кәсіпорында қоқысты ысырапсыз қайта өндеу технологиясының, және де қоқымда марганец кенімен бірге қайта өндеудің өнеркәсіптік сынағы өткізілуде, осылар сирек кездесетін металлдарды шығаруды, өнімдердің тауарлығын көтеруді дәсерлетті. Тазартатын ерітпелерден рений өндіру технологиясы енгізілген.

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» АҚ негізгі қызмет түрі болып алтын кен орындарын өндеу болып табылатынын еске ала отырып, және Қазақстанда келесі алтын өндеуші компаниялардың бәсекелестігін есепке алу жөн: «Қазмырыш» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Алтыналмас» АҚ, «Андас Алтын» АҚ, «Алел» БК, «Қазақалтын» АҚ, «Майқайыналтын» АҚ, «Васильковск ТБК». Қазақстанда аффинаждық қуаттылыққа «Қазмырыш» АҚ (жылына 50 тонна алтын мен 1 мың тонна күміс) және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС (жылына 10 тонна алтын мен 1 мың тонна күміс) ие.

Әлемдік тау-металлургия нарығында келесі негізгі бәсекелестерді атап көрсету қажет:

BHP Billiton – әлемдегі ең ірі темір кен, мыс, алюминий, никель және көмір өндірушісі. Едәуір кен қорына ие.

Rio Tinto - әлемдегі ең ірі мыс, уран, алюминий және алтын өндірушісі.

Anglo-American – ірі платина, алмас, көмір, базалық металлдар, қара және кең таралған металлдр өндірушісі.

Xstrata – Австралия, Америка, Оңтүстік Африка және Еуропада бөлімшелері бар, транснационалдық компания, ірі мыс, никель, мырыш, көмір және ферроқорынылымдар өндірушісі.

Vedanta Resources PLC (Үндістан) – алюминий, аршылған мырыш, мыс өндірушісі.

ERAMET (Франция) – никель, марганец және ферроқорынылымдар өндірушісі.

International Ferro Metals (Оңтүстік Африка) – феррохром өндірушісі.

New World Resources (Чехия, Польша) - көмір өндірушісі.

Antofagasta PLC – Чилидегі карьерлері бар мыс, молибден өндірушісі.
KGHM – Польшадағы мыс пен катодтық күміс өндірушісі.
Talvivaara Mining – Финляндиядағы никель, мыс, мырыш және кобальт өндірушісі.
Норильский Никель – ірі никель, мыс, палладий, басқа платина тобы металлдары өндірушісі.

Norsk Hydro - әлемдегі ең ірі алюминий өндірушісі.

Lonmin PLC - әлемдегі ең ірі платина өндірушісі (Оңтүстік Африка).

Aquarius Platinum – платина өндіруде маманданатын компания.

Peter Hambro Mining PLC – Ресейлік алтын өндейтін кәсіпорын.

Fresnillo – алтын мен күміс өндірушісі Мексикада карьерлерге ие.

22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ негізгі қызмет түрлері ішінде сатылымдар тиімділігіне әсер тигізетін факторлар мыналар болады:

- 1) әлемдік және ішкі нарықтарда металлдар және басқа минералды шикізат түрлері бағасының тербелуі, осы нарықтарда бағалардың өсу немесе түсу тенденциясы;
- 2) әлемдік экономика және аумақтардың өсуінің циклділігіне тәуелді әлемдік және ішкі нарықтарда металлдар және басқа минералды шикізат түрлеріне сұраныстың тербелуі;
- 3) өндірістің өзіндік бағасы;
- 4) минералдық шикізат сапасы;
- 5) еңбек, электрэнергиясы мен тасымалдау тарифтерінің (Ресейге, Қытайға) бағасы;
- 6) жаңа өндіріс шығару мен жұмыс істеп тұрған өндірісті сүйеу мақсатындағы капиталды шығындар көлемі;
- 7) Ресей және Қытай шекараларындағы кеден баждарының өсуі;
- 8) Өнімдердің негізгі түрлеріне тапсырыс концентрациясының дәрежесі.

23. Қоғам иеленетін лизензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету мерзімі, зертеуге және әзірлеуге шығындары, соның ішінде қоғам қаржыландыратын зерттеулік жобалар: «Тау-Кен Самұрық» АҚ лицензиялары (патенттері) жоқ.

24. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі: «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ,

25. Өз өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қоғамның қызметі: «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ,

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) маусымдық сипаты бар қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы табысындағы үлесі: «Тау-кен Самұрық» АҚ көрсетілетін қызметтер маусымдық сипатпен байланысты емес.

2) акционерлік қоғамға өткізілетін өнімдердің жалпы көлеміндегі (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстар, қызметтер) импорт үлесі және акционерлік қоғам экспортқа өткізетін жалпы көлеміндегі өнімдер (жұмыстар, қызметтер) үлесі: Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

3) акционерлік қоғамның сот істері қарауына қатысу туралы мәліметтер: Тау-Кен Самұрық» АҚ сот істері қарауына қатыспаған.

4) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті органдар және/немесе сот салған әкімшілік шаралар туралы мәліметтер: Тау-Кен Самұрық» АҚ және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік шаралар салынған жоқ.

5) тәуекел факторлары:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ активтерінің нарықтық бағасына және оның қызмет ету нәтижелілігіне келесі тәуекел факторлары әсерін тигізеді:

- 1) «Тау-Кен Самұрық» АҚ жер қойнауын пайдалану құқы берілетін кен орындарында кен қорының нақты молшері мен сапасы бағалау мәліметтеріне сәйкес болмауы мүмкін;
- 2) Әлемдік және ішкі нарықтарда «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін металдар және басқа минералды шикізат түрлері бағасының тербелуі;
- 3) Ақша айырбастау курсының тербелуі, әсіресе, теңгенің долларға;
- 4) Әлемдік металдар нарығында бәсекелестіктің артуы, нарыққа жаңа ойыншылардың әсіресе дамып келе жатқын елдердің шығуы, негізгі компаниялармен өндірісті кеңейту мақсатында жасалатын ірі масштабты капиталды салулар бағдарламаларының орындалуы.
- 5) Электрэнергиясы мен тасымалдау қызметтеріне тарифтерінің өсуі. Осы қызметтер түрлерін көрсетуде бөгелістер, оларды көрсетуден бас тарту;
- 6) Қазақстан, Қытай, Ресей теміржолдарының өткізу қабілеттілігінің шектеулілігі;
- 7) Қазақстан Республикасында еңбек төлемдері бағасының өсуі;
- 8) Істеп тұрған өндіріс дәрежесін керекті деңгейде ұстап тұруға қажетті «Тау-Кен Самұрық» АҚ капиталды салулар мерзімдері, басқа шарттардың толық емес түрде орындалуы;
- 9) Тапсырушылардың келісімшарт міндеттерін бұзуы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін өнімдерді сатып алудан бас тартуы;
- 10) «Тау-Кен Самұрық» АҚ өндіретін өнімдердің негізгі тұтынушысы жақын жердегі елдер (Қытай, Ресей) экономикаларының циклділігі;
- 11) ENRC PLC, Kazakhmys PLC, «Майқайыналтын» акцияларынан және басқа «Тау-Кен Самұрық» АҚ құрамына берілетін активтердің акционерлік бағасы мен дивидендтердің төленуінің төмендеуі;
- 12) Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар мен нормативті құқықтық актілердің бұзылуы, осылар орасан зор айыппұлдарға, басқа ықпалшараларға әкеп соқтыруы мүмкін;
- 13) Өндірістерде алдын-ала ескерілмеген жағдайлардың пайда болу тәуекелдері, оның ішінде өндірістерде қайғылы оқиғалар, ереуілдер, құрал жабдықтардың сынуы, экологиялық қатерлер, экстремалды ауа райы жағдайлары басқа факторлар;
- 14) Өндірістердегі қайғылы оқиғалар және талаптар өтемдерін төлеу тәуекелдері. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы туралы заңнамаларды орындауға байланысты қосымша капиталды шығындар;
- 15) «Тау-Кен Самұрық» АҚ туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз сын пікірлер мен басқа да бұқаралық шағымдар;
- 16) Контрагенттердің «Тау-Кен Самұрық» АҚ өнімдерін жеткізу келісімшарттары бойынша өз міндеттерін орындамау тәуекелдері;
- 17) Маңызды жоғарымамандырылған кадрлердің, оның ішінде маңызды басқарушы жұмыскерлердің кетуі;
- 18) Жер қойнауын пайдалану және салық салуға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамаларының өзгеруі.

4. ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

27. Инвестициялар:

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар жасалған жоқ. Портфельдің құрамы және басқа да инвестициялар жөнінде ақпарат жоқ, өйткені «Тау-Кен Самұрық» АҚ жанадан құрылған.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ инвестициялық портфельді басқару, басқа ұйымдардың капиталына қатысуы жөніндегі стратегиясы бекітілмеген, өйткені «Тау-Кен Самұрық» АҚ жанадан құрылған.

28. Дебиторлық берешек: жоқ

29.Активтер:

2009 жылдың 31 желтоқсанында «Тау-Кен Самұрқ» АҚ активтері 1 570 773 000 (бір миллиард бесжүз жетпіс миллион жетіжүз жетпіс үш мың) тенгені құрады.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер:

«Тау-Кен Самұрқ» АҚ төленген жарғылық капиталы 1 936 960 000 (бір миллиард тоғыз жүз отыз алты миллион доғыз жүз алпыс мың) тенгені құрады.

«Тау-Кен Самұрқ» АҚ өз капиталы 1 502 660 000 (бір миллиард бес жүз екі миллион алты жүз алпыс мың) тенгені құрайды.

31. Заемдар: «Тау-Кен Самұрық» АҚ облигацияларды шығарған жоқ, банктік заемдарды алған жоқ, кредиттік желілер ашқан жоқ.

32. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар): жоқ.

5. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

33. Акциялар туралы мәліметтер:

акциялардың жалпы саны және түрлері	400 981 дана, жай атаулы акция
құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялардың саны, түрлері	250 981 дана, жай атаулы акция
құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақты бағасы	1 000 (бір мың) теңге
артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері:	қолданылмайды

34. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ айырбасталатын акцияларды шығарған жоқ.

35. Төлем агенті туралы мәліметтер:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ төлем агенті жоқ.

36. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

Тіркеушінің толық атауы: «Бағалы қағаздар тіркеу системасы» Акционерлік қоғамы.

Тіркеушінің қысқартылған атауы: «БҚТС» АҚ.

Орналасқан жері: Алматы қаласы – 050026, Астана ықшамауданы, үй. 8 «а»; Астана қаласындағы № 2 филиалы - 010000, Бараев көшесі, үй 21, п. 130.

Байланыс телефоны: 8 (727) 226-11-64, 226-11-76, (87172) 21 83 80, 21 97 74.

Лицензия жөнінде деректер: Бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия № 0406200345, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу агенттігімен 2005 жылғы 10 наурызда берілді.

Тіркеушілермен жасалған шарттың күні және нөмірі: шарт № 21/А/00753, 2010 жылы 26 наурыз.

6. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

37. Акциялар шығаруға шығындардың сомасы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялар шығаруға кеткен шығындары жоқ.

38. Инвесторларға арналған ақпарат:

Инвесторлар қоғам жарғысының және акция шығару проспектісінің көшірмесімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен және «Тау - Кен Самұрық» АҚ іс-әрекеті туралы басқа да ақпаратпен келесі мекен-жай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11 үй, 911 бөлме, сонымен қатар келесі бұқаралық ақпарат құралдарында: газеттер «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан».

Басқарма Төрағасы

Б. Святков

Бас бухгалтер

А. Сеитова

ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ

Наименование акционерного общества:

полное: Акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»

сокращенное: АО «Тау-Кен Самрук»

«Государственная регистрация выпуска объявленных акций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения акций, описанных в проспекте. Уполномоченный орган, осуществивший государственную регистрацию выпуска объявленных акций, не несет ответственность за достоверность информации, содержащейся в данном документе. Проспект выпуска акций рассматривался только на соответствие требованиям законодательства Республики Казахстан. Должностные лица акционерного общества несут ответственность за достоверность информации, содержащейся в настоящем проспекте, и подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно общества и его размещаемых акций».

1. ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ ОБ АКЦИОНЕРНОМ ОБЩЕСТВЕ.

2. Наименование акционерного общества:

	Полное наименование акционерного общества	Сокращенное наименование акционерного общества
на государственном языке	«Тау-Кен Самұрык» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы	«Тау-Кен Самұрык» АҚ
на русском языке	Акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»	АО «Тау-Кен Самрук»
на английском языке	Joint-stock company «Tau – Ken Samruk» National Mining Company»	JSC «Tau – Ken Samruk»

3. Сведения о государственной регистрации (перерегистрации) акционерного общества:

дата и номер свидетельства о государственной регистрации (перерегистрации) акционерного общества	№ 32952-1901-АО от 02 февраля 2009 года
наименование органа, осуществившего государственную регистрацию (перерегистрации) акционерного общества	Департамент юстиции города Астаны Министерства юстиции Республики Казахстан.

3-1. Регистрационный номер налогоплательщика:

РНН 620 300 315 767

4. Информация о месте нахождения акционерного общества, номера контактных телефонов и факса, адрес электронной почты:

юридический адрес	Республика Казахстан, 010000, город Астана, Есильский район, ул. Д. Кунаева, д. 12/1
адрес места нахождения	Республика Казахстан, 010000, город Астана, Есильский район, ул. Д. Кунаева, д. 12/1
номера контактных телефонов и факса	тел.: + 7 (7172) 500 - 614 моб. телефон: +7 707 999 7001
адрес электронной почты	info@tks.kz

5. Банковские реквизиты акционерного общества:

Текущий сберегательный счет в национальной валюте в Астанинском региональном филиале АО «Народный Сберегательный Банк Казахстана» в городе Астана (119900): 045467513 KZT Кбе 17 РНН 031400075489 БИК 195301603

6. Виды деятельности акционерного общества:

Согласно п. 15 Устава основными видами деятельности АО «Тау-Кен Самрук» являются:

- 1) поиск, разведка, разработка, добыча, переработка и реализация твердых полезных ископаемых, в том числе:
 - металлических, за исключением радиоактивных металлов;
 - неметаллических, за исключением материалов для строительства, производства строительных материалов и для химической промышленности;
 - угля и лигнита;
- 2) добыча и переработка минерального сырья и техногенных минеральных образований;
- 3) производство чугуна, стали, ферросплавов и изделий из них;
- 4) производство цветных, редких, редкоземельных и благородных металлов и изделий из них;
